



ЗАМАН

1933 жылдың қыркүйек айынан шығады | Газета выходит с сентября 1933 года

№ 14 (8288) 6 сәуір (жұма) апрель (пятница) 2018

6 сәуір (жұма) апрель (пятница) 2018

zgazeta.kz
zgazeta@mail.ru
karasayinfo.kz

85 жыл
(1933-2018)

ЖАРШЫСЫ

Сенаторлар мәселенің мәніне назар аудартты



Клара КӨПБАЕВА

Таяуда ғана жария етілген Елбасының «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа арналған үндеуі бүгінде қоғамда қызу талқыланып, кең көлемде насихатталуда. Жұырда ауданымызға Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары Аңсар Мұсаханов және Нұрлан Қылышбаев жұмыс сапарымен арнайы келіп, қарасайлықтарға аталған бастаманың мән-маңызын түсіндірді.

Бас қосуды аудан әкімі Махаббат Бигелдиев жүргізіп, «Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиясқар Сарыбаев қатысып отырды. Сонымен қатар, жиында аудан активі, қоғамдық ұйымдар, кәсіподақ комитеттерінің өкілдері, кәсіпкерлер мен банк қызметкерлері шақырылды.

Алдымен сенатор Аңсар Тұрсынханұлы сөз алып, «Президенттің бес әлеуметтік бастамасында» айтылған «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент

жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту» жайына тоқталды. Елбасы бұл бастама аясында қазір қазақстандық жоғары оқу орындарында 530 мыңнан астам жас оқып жатқанын, олардың 30 процентке жуығы мемлекет бөлген грантпен білім алатынын тілге тиек етіп, жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттыру үшін бірқатар тапсырмалар белгілеген болатын. Соған сай, А.Мұсаханов қазір елімізде ауылшаруашылығы саласының мамандары, технологтар жетіспейтіндігін мәлімдеп, мектеп қабырғасында түлектерге дұрыс бағыт-бағдар берілуі керектігін әңгіме арқауына айналдырды. Сонымен қатар, төртінші бастама «Шағын несие беруді көбейту» туралы да түсініктеме беріп өтті. Бұл ретте де асыраушы салаға жақсы көңіл бөліп, ата кәсіпті дөңгелетем деген кәсіпкерлер елеусіз қалмағаны жөн екенін жеткізді.

Келесі кезекте ортаға шыққан ҚР Парламенті Сенатының депутаты Нұрлан Наурызұлы Елбасы айтқан ең бірінші бастама – «Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» мәселесіне тоқталды. Қазіргі таңда жеке

шаңырағына ие болуды армандап жүрген жас отбасылардың аз емес екендігін алға тартқан сенатор «7-20-25» бағдарламасының маңыздылығын жан-жақты әңгімеледі.



Күн тәртібіндегі мәселені талқылау барысында аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы С.Мәсімақынов қарасайлықтар алда да жұдырықтай жұмылып, Президенттің бес бастамасын жүзеге асыруға барын салатынын жеткізсе, «Қазақстанның тұрғын үй-құрылыс жинақ банкі» АҚ Алматы облыстық филиалының №1 қызмет көрсету орталығының басшысы Бауыржан Ботабаев азаматтарды қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету мақсатында бүгінде бірқатар жобалар жүзеге асып жатқандығын нақты дерек-дәйектер арқылы сөз етті. Ал, жоғарыда айтылған «7-20-25» бағдарламасы бойынша банк бірқатар ұсыныстар ұсынып отырған көрінеді. Атап айтқанда, біріншіден – бастапқы жарнаны төмендету, ең алдымен «Нұрлы жер» бағдарламасының қатысушылары үшін, екіншіден – тұрғын үй-құрылыс жинақ жүйесіне қатысушылардың заем өтеу мерзімін ұзарту, үшіншіден – «Баспана.кз» интернет-порталы арқылы бизнес-процедураларды жетілдіру және қызмет түрлерін автоматтандыру.

Жиналысты аудан әкімі Махаббат Садуақасұлы қорытындылап, мұндай кездесудің қарасайлықтарға берері мол екендігін айтып, Елбасының жерлестері де бұл бес бастаманың жақсы жүзеге асуына күш салатынын жеткізді.

Жүздесуден соң сенаторлар Шамалған ауылында былтыр жанадан ашылған «Атамекен» тарихи-мәдени орталығына барып, аралап көрді. Орталық жұмысына жақсы бағаларын беріп, тілек кітабына жылы лебіздерін білдіріп, қолтаңбаларын қалдырды.

ҚазҰУ – мүмкіндіктер мекені

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті еліміздегі алдыңғы қатарлы жетекші жоғарғы оқу орны, сондай-ақ, ірі білім және ғылыми орталық. Университет өз негізі қаланған 1934 жылдан Қазақстандағы жоғарғы білім беру жүйесінің бетке ұстары, университеттік дәстүрлердің, кәсіби білікті ғылыми және педагогикалық мектептердің бастау-көзі болып келеді. Осы сапалы білімнің қара шаңырағы, Қазақстандағы білім беру жүйесінің тірегі, 80 жылдан астам бай тарихы жинақталған ұлттық университетте еліміздің түкпір түкпірінен, алыс-жақын шет елдерден келіп, оқып жатқан студенттер жетерлік. ҚазҰУ-дың 41 мамандығы сапа сараптамасы мен экономикалық, құқықтық және әлеуметтік-гуманитарлық бағытта білім беру бағдарламалары бойынша аккредиттеуден табысты өткен. Университетте көпсалалы жоғары кәсіби білім жүйесі бойынша 20000 студент білім алуда. ҚазҰУ қалашығында студенттерге барлық жағдай жасалған. Мысалы, интернет орталығы, Ө. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы, мұражай, тамақтандыру комбинаты, студенттерге қызмет көрсету орталығы «Керемет», компьютерлі-техникалық жабдықтар, WI-FI сымсыз интернет желісі, ауқымы кең спорттық кешен, Дмитрий Баландин атындағы 25 метрлік жүзу бассейні сияқты орталықтар орналасқан. Онымен қоса ең бай кітапхана — әл-Фараби атындағы кітапхана орналасқан.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде экономика және бизнес жоғарғы мектебі факультетінің негізі 1949 жылы қаланды. Бұл факультет соңғы жылдары спорт, мәдениет және өнер саласында елеулі табыстарға жетті. Экономика және Бизнес Жоғары мектебі іс-әрекетінің негізгі мақсаты — Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2009 жылдың 13 қазанында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де оқыған «Қазақстан

дағдарыстан кейінгі кезеңде: болашаққа қарай интеллектуалды серпін» тақырыбындағы дәрісінде және «Жаңа онжылдық — жаңа экономикалық өрлеу — Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында қойылған міндеттерді жүзеге асыру болып табылады. Мұнда білім беру қазіргі заманға сай әдістерді қолдана отырып, жоғары дәстүрлі классикалық білім беру негізінде жүргізіледі. Экономика және Бизнес Жоғары мектебінде 3000-нан астам студенттер дәріс алады, олардың 2800-ден астамы күндізгі бөлімде оқиды. Сонымен қатар, Экономика және Бизнес Жоғары мектебі мамандарды қысқартылған курс бойынша жоғары және орта кәсіптік білім беру базасы негізінде дайындайды. Экономика және Бизнес Жоғары мектебінде оқу барысында студенттер әскери дайындықтан өтеді және жатақханамен қамтамасыз етіледі. ҚазҰУ-дің Экономика және Бизнес Жоғары мектебінің түлектері Президент Әкімшілігінде, Экономика және Бюджеттік жоспарлау Министрлігінде, ҚР Жарғы Министрлігінде, ҚР статистикалық агенттігінде, Ұлттық банкте, коммерциялық банктерде, сақтандыру және аудиторлық компанияларда және басқа да қаржылық мекемелерде, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының барлық экономика салаларында қызмет атқарады.

Қорытындылай келсек, ҚазҰУ — адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, тұлғаның жан-жақты қабілетін ашып көрсетуіне мүмкіндік беретін мекен.

К. АКИМБАЕВА,
«Есеп және аудит»
кафедрасының аға оқытушысы,
Н. ТОВМА,
«Есеп және аудит» кафедрасы менгерушісінің ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары.

